



1983-85 жылдары әскери борышымызды өтеп жүрген кезіміздің екінші жылында «елге келген соң не істеймін, немен айналысам» деген сауалдар бәрімізді мазалап жүрді. Біздің сержанттар бөлмесіндегі бір бұрыштағы үстелде әртүрлі газет-журналдармен қатар, әскери жарғы кітабы, әдеби кітаптар, түрлі анықтамалар және әлі есімде, орыс тілінде «Қайда оқығың келеді?» деп аталатын қалыңдығы 5-6 см болатындай жинақ тұратын. Онда Одақтың барлық республикаларындағы және Мәскеу мен Ленинград қалаларындағы барлық жоғары оқу орындары мен олар даярлайтын мамандықтар туралы және қандай құжаттар қажеттігі, тіпті қабылдау ережесі туралы ақпараттар айтылады. Бұл кітап бізге дейінгі сержанттардың бірінен қалған екен.

Берекет КӘРІБАЕВ, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымының докторы

Мен ҚазМУ-ға қалай келдім?

Алғашқы кезде қанша рет көрсек те, біз, жас сержанттар, ол жинаққа онша мән бермедік. Өйткені әлі елге қайтуға көп уақыт бар. Ал әскери қызметтің бір жарым жылы өтіп, елге қайтуға алты ай қалғаннан бастап, жаңағы жинақты асықпай қарайтын болдық. Сол жинақтан алғаш рет Қазақстанда екі университет бар екенін, біріншісі – Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, екіншісі – Қарағандыдағы Е.Букетов атындағы университет екенін білдім. Тарихшы болуды қалап жүрген маған Алматыдағы С.Киров атындағы ҚазМУ-да тарих факультеті, онда тарихшы мамандығы даярланатыны қуантты. Сол кезден бастап ҚазМУ жақын бола бастады. Тіпті қалың



жинақтың ішіндегі ҚазМУ туралы жазылған бірнеше беттердегі әр сөз маған ыстық көрінді.

Әскерден аман-сау елге оралып, 1-2 апта мауқымызды басқаннан кейін үйдегілер менің алға қойған жоспарымды сұрағанда, оларға мен: «Алматыға барып ҚазМУ-ға, тарихшы мамандығына түсем», – деп жауап берсем, олар таңғалып, басын шайқайды. «Алматыда кімің бар, кім оқуға түсіреді, қайда барып тоқтайсың, әскерден көп ақша тауып қайттың ба?» – дегендеріне қарамастан, мен оларға: «Әскерден оқуға түсуге көмектесетін бір қағазым бар, тек емтихандардан «2» алмасам болды», – деп, командир қол қойған «Ұсыныс хат» деген анықтаманы көрсеттім. «Егер түсе алмасам, бір жыл сонда жұмыс істеп, келесі жылы қайта тапсырам», – дедім. Мені әпкем ғана қолдады. Қалғандары үндемеді, яғни жеңілгендері. Сөйтіп, жеңіп шығып, 1985 жылдың 13 шілдесінде Алматыға келдім.

Келудің өзі бір хикая. Жаз айларында пойызға билет жоқ. Арал станциясына пойыз атаулы 5 минут қана тоқтайды. Жолсеріктермен келісу. Плацкарттың үшінші қабаты. Вагондар іші қайнаған ыстық. Ығы-жығы сапырылысқан халық.

Ақыры, таңғы сағат 6-лар шамасында №8 Мәскеу – Алматы пойызы «I Алматы» вокзалына келіп тоқтады. Пойыз ішінде Алматыда қалай пәтер жалдауға болады деп сұрап алғанмын. Сол күні кешке дейін іздеп жүріп, ақыры «Саяхаттан» онша қашық емес, Исыкская, 44 деген үйде тұратын дядя

Миша мен тетя Маша деген кісілердің үйінде бір айға тұруға келістік.

Ертеңіне ҚазМУ-дың қабылдау комиссиясына барып, құжаттарымды тарих факультетіне тапсырдым. 10-15 күндей тағы бір «СССР тарихы» мен «Қазақ ССР тарихы» пәндерін қайталап жатырмыз. Қасымда менен екі жас үлкендігі бар, Семейдің Мақаншы ауданының Ербол деген жігіті бар. Онымен құжат тапсырып жүргенде танысқанмын. Оның биыл үшінші рет келуі екен. Күндізгі бөлімге өте алмаса, сырттайға тапсырады, оған жолы болмаса, дайындық бөлімге тапсырады.

Сол жылғы қабылдау комиссиясының ережесі бойынша тарих мамандығына түсетіндер төрт пәннен емтихан тапсырады екен. Біріншісі – тарих, екіншісі – қазақ (орыс) тілі мен әдебиетінен шығарма, үшіншісі – шет тілінен (ағылшын, неміс, француз) тілдерінен емтихан, төртіншісі – қазақ тілінен – ауызша. Егер ауылдық жердегі мектепте бітіргендер үшін шет тілі өтпесе, оларға келісімдері бойынша «қанағаттанарлық» деген баға қойылады екен. Мен бірден ағылшын тілін мектепте оқымағандықтан, «қанағаттанарлық» деген баға алдым.

Әлі күнге дейін ауызша тарихтан, жазылған шығарма тақырыбы және қазақ тілінен ауызша келген сұрақтар есімде. Тарихтан келген үш сұрақтың екеуі – КСРО тарихынан, үшіншісі Қазақ КСР тарихынан. Бірінші сұрақ – «Моңғол-татар басқыншылығына қарсы қазақ халқының күресі. Отырар апаты», екіншісі «1854-1856 жж. орыс-түрік соғысы,



қорытындылары» және үшіншісі – «1917 жылғы ақпан төңкерісінен қазан төңкерісіне дейінгі жағдай. Қазан төңкерісіне дайындық». Емтихан қабылдап отырған комиссия мүшелерінің бірі – Қазақстан тарихының маманы әрі археолог, доцент Сәйден Жолдасбаев екен. Жасы 50-ге келіп қалған кезі. Кейін ол ағайымыз докторлық қорғап, профессор атағын алды. Ұзақ жыл бірге жұмыс істедік. Екіншісі – Нұрсейіт Кенжебаев деген жастау жігіт, жасы 30-дан жаңа ғана асқан кезі. Ол КОКП тарихының маманы, ол да ғылым кандидаты екен.

Дайындыққа берілген жарты сағаттай уақыттың алғашқы жартысында үш сұраққа да тезис ретінде жазбаша жауап дайындап қойып, ойша бір қайталап өтіп, алдымдағылардың жауаптарын тыңдап отырдым. Олардың жауаптарына көңілім толмай отырды. Кезегім келгенде комиссия алдындағы орындыққа отырып, әр сұраққа жауап айта бастадым. Бірінші сұрақтың ортасынан асқанда «Отырар апаты» деген не?» деп сұрақ қойылды. Оған жауап беріп бола бергенде, «Келесі сұраққа өтіңіз», – деді комиссия мүшесінің бірі. Оған да тоқтамай жауап беріп жатыр едім, «Үшіншіге көшіңіз», – деді тағы. Ойымды тез жинақтап, үшінші сұрақты айта бастадым. Бір кезде комиссия мүшесінің жастауы ойымды аяқтатпай: «Қарулы көтеріліске жасырын дайындықты кімдер айтып қойды?» – деп сұрақ қоя салды. Мен оған батылсынып: «Сіз сәл күте тұрыңыз, мен қазір тамызда болып жатқан оқиғаларды аяқтап алайын. Каменев пен Зиновьев өздерінің

партияның қарулы көтеріліс жасау туралы жоспарымен келіспейтіні туралы газетке мақала жазды», – деп айтып болғанымша, жастауы үлкенірек комиссия мүшесінің құлағына «төрт қояйық» деп сыбырлады. Ол сыбырды мен анық естіп отырмын. Мен: «Төрт деген бағаға келіспеймін, менің жауаптарым «бес» деген бағаға лайық», – деп жауап қаттым. Сөйтіп, қызық басталып кетті. Мен оларға: «Біліміме күдіктенсеңіздер, қосымша сұрақ қойыңыздар. 1980-85 жылдар аралығындағы партия съездері мен пленумдарында негізгі мәселелер және оларда қабылданған шешімдер туралы сұраңыздар», – деп айтып жатырмын. Жастау комиссия мүшесінің «Қайдан келдің?» – деген сұрағына «Әскерден», – деп қысқаша жауап бердім. Сөйткенімше, олар менің аты-жөнім жазылған қағазға қолдарын қойып, өзіме берді. Қарасам, «жақсы» деген баға қойыпты.

Көңілім түсіп, коридорға шығып ем, сыртында «Профессор Шәлекенов» деген жазуы бар есік ашылып, ішінен 60-тардағы үлкендеу, зор денелі кісі шығып, «Балам-ау, көңіл күйің жоқ қой, не болды, екі алдың ба?» – деді. Мен: «Сіздерде әділдік жоқ екен, беске жауап беріп едім, төрт қойып жіберді», – дедім. Ол болса: «Төрт те жаман баға емес, оқуға түсіп кетесің», – деді. Бұрындары бір оқыған кітабымда автордың тірі профессорды сыртынан ғана көріп, алған әсерін бір беттей қылып жазғанын, қандай бақытқа кенелгенін оқып едім. Бірден сол жағдай ойыма оралды. Ал мен болсам, тірі профессорды көрмек түгіл, онымен сөйлесіп тұрмын. Жаңағы авторға

қарағанда өзімді екі есе бақытты сезіндім. Емтиханнан төрт алғанымды сол мезетте ұмытып, бірден қабылдау комиссиясының кезекші қыздары көрсеткен жаққа кете бардым.

Бірнеше күннен кейін шығарма жазатын болдық. Менде ешқандай қорқыныш болған жоқ. Өйткені тәжірибелі Ерболдың айтуына қарағанда, шығарманың екі тапсырмасы мектеп бағдарламасының тақырыптары да, үшіншісі еркін тақырыпқа жазылады екен. Ал мен мектепте жүргенде жазушы боламын деп оқымаған кітабым жоқ, тіпті алғашқы әңгімем 6-сыныпты бітіріп, 7-ге көшкен жылы, жаз айларының бірінде «Қазақстан пионері» газетінде жарияланған. Сол жылғы шығарманың еркін тақырыбы «Партия қайда болса – жеңіс сонда» деп аталды. Алдымен 9-10 беттей қып, бүкіл мазмұнды қағазға түсіріп, одан кейін оны асықпай қайта көшіріп жаздым. Ойымша, тағы да «5» деген баға алуым керек. Қасымдағы Ербол «С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Итбай образы» деген тақырыпты таңдап, оны ішіне тығып әкелген оқулықтан көшіріп жатты.

Бір-екі күннен соң қорытынды шығып, Ерболдың аты-жөні өтпегендер тізімінде тұрды. Мен оның ағасы болып, апелляциялық шағым түсірдік те, оның жұмысын алдыртып қарадық. Сөйтсек, әріп қателерінің өзі он шақты, ал тыныс белгілерінің қатесі одан да көп екен. Шығарма жұмыстарын тексеретін комиссияның қорытындысы – «екі» деген бағаны мойындауға мәжбүр болдық. Менің

аты-жөнім өтпегендер тізімінде болмады. Іштей «бес» алған шығармын деп жүрдім. Бірнеше күннен кейін қолымызға сынақтар қағазын бергенде, шығармадан да «төрт» деген баға алғанымды білдім.

Соңғы емтихан қазақ тілінен ауызша болды. Комиссия мүшелерінің бірі – әлі 30-ға толмаған өте жастау жігіт болды. Оны кейіннен білдім. Ол – сол кезде филология ғылымының кандидаты Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев екен. Билеттегі сұрақтар мынадай еді. 1) Буын, оның түрлері, 2) Архаизм мен жаңа сөздер. 3) «Арқаның жері жайсаң...» деп басталатын сөйлемді фонетикалық талдау. Алғашқы екі сұраққа оңай және тез жауап беріп, қолданыстан шығып қалған ескі сөздерге бай, патша, хан деп мысалдар келтірдім де, қолданысқа енген жаңа сөздерге «Першинг», «Томагавк» деген АҚШ ракеталарының атауын келтірдім. Маған үшінші сұраққа қатысты көп сұрақтар қойылды. Тіпті неге «а» дыбысы жуан болып саналады деген сұрақтар қойылды. Ішімнен тағы да «төрт» деген баға қойғылары келіп отыр ма деген ой келді. Бір кезде сынақ қағазымды қайтарып берді, қарасам – «үш» деген баға. Жалпы, университетке түскенімді білсем де, комиссияның тағы да «қорлығы» қуануға мүмкіндік бермеді.

Сонымен төрт емтиханның екеуінен «жақсы», екеуінен «қанағаттанарлық» деген бағалар алып, болатын конкурстың қорытындысын күттік. Ешкімге айтпасам да, әскерден алып келген бір тілімдей «ЖОО-ға конкурстан тыс қабылдану үшін



ұсыныс хат» деген қағаздың көмегімен қабылдануым керек. Құжаттар қабылдағанда қабылдау комиссиясы құжаттар тізіміне алып, оны іске тіркеп қойған.

Шамамен тамыздың 25-терінде бүкіл университет бойынша конкурс аяқталып, университет ректоры, академик Ө.Жолдасбеков биология және география факультеттерінің оқу корпусы орналасқан алаңқайда студенттерді қабылдау туралы бұйрықпен таныстырды. Кезегі келген кезде тарих факультетіне тоқталды да, «Конкурстан тыс қабылданғандар» қатарында екі фамилияны оқыды. Біріншісі – менің фамилиям да, екіншісі – Ноянов деген фамилия болды. Сөйтіп, 1985 жылы тамыздың 25-інде ректор бұйрығымен университетке қабылдандым.

1990 жылдардың басында факультеттегі бір ағайымыздың мынадай сөзін үнемі еске алып отырам: «Атақ та, абырой да – еңбекте. Оларды ұстаймын деп, қусаң өмірі жеткізбейді, ал адал еңбек етсең, олар сенен ешқайда кетпейді». Содан бері 40 жылдай уақыт өтіпті. Оның бес жылы студенттік жылдар да, 34 жылы университеттің тарих факультетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасында ғылыми-педагогикалық жұмыстар екен.

Біз қабылданардан бір жыл бұрын университет өзінің 50 жылдығын атап өткен екен, енді, міне, бір айдан соң 90 жылдық мереке басталады. Университетке және барша ұжымға қай кезде де еліміздің көк туын білім мен ғылым кеңістігінде желбірете берейік деп тілеймін.